

AINA

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ –
МАҢЫЗДЫ

2-бет

KUN TARTIBI

БАСПАНАЛЫ
БОЛДЫ

3-бет

RESMI

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛЫҚ
МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

4-бет

TIRSHILIK

ӨРТ –
ТІЛСІЗ ЖАУ

7-бет

ҚАРҚЫНДЫ ЖҰМЫС, ҚОМАҚТЫ ЖОСПАР

қала басшысы Қайрат ӘБСАТТАРОВ халық алдында есеп берді

Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Әбсаттаров тұрғындар алдында есеп берді. Пандемия шектеулеріне байланысты кездесу онлайн форматында «Дидар» телеарнасы мен әлеуметтік желілер арқылы өтті.



Тұрғындардың өтініш-тілегіне құлақ аспас бұрын қала басшысы 2020 жылды қорытындылап, болашаққа бағамдаған ілімді істер туралы баяндап берді.

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздіктің 30 жылдығында кешенді реформалар жүргізілетін болады. Барлық күш-жігерімізді тиімді мемлекет пен әділетті қоғам құруға жұмылдыруымыз керек. Басты басымдық – халықтың тұрмыс сапасын жақсартып, әл-ауқатын арттыру» – деп атап өтіп, жұрт жасанды жетістіктерді емес, көзбен көріп, қолмен

ұстайтын нақты нәтижені күтетіндігін жеткізді. Жезқазған қаласының әкімдігі бұл маңызды міндеттерді орындауға тың қарқынмен кірісті. Биыл – ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы. Ел тарихындағы бұл маңызды кезеңге орай іс-шаралар ұйымдастырылып, нақты жобалар жүзеге асырылмақ. Тұтастай алғанда қаланың экономикалық көрсеткіштері қалыпты, бұл бізге дамудың жаңа көкжиегін айқындауға мүмкіндік береді.

►► 2-бетте

ЕЛБАСЫ АЛҒЫС ХАТЫ ТАПСЫРЫЛДЫ

«Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы 2021 жылғы 10 қаңтарда өткен Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихаттар сайлауындағы үгіт-насихат кезеңінің қорытындысы бойынша марапаттау рәсімін өткізді. Белсенділерге ҚР Тұңғыш Президенті, «Nur Otan» партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Алғыс хаты табысталды.



Еңбегі еленгендердің қатарында партия ішкілік таңдау праймериз қатысушылары, кандидаттар мен «Nur Otan» партиясының Жезқазған аумақтық сайлауалды штабы мүшелері, сондай-ақ, «Jas Otan» жастар қанатының жезқазғандық ұл-қыздары бар.

Қалалық мәслихаттың депутаттары мен партияның кадрлық резервіне енгендермен кездесуде «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы

төрағасының бірінші орынбасары Кенгірбай Смағұлов үгіт-насихат жұмыстарына білек сыбана кіріскендеріне алғысын білдіріп, «нұротандық» депутаттар халықтың мүддесі жолында аянбай қызмет ететініне сенім білдірді.

– Саяси додада «Nur Otan» партиясы басымдықпен жеңімпаз атанғанында Сіздердің үлестеріңіз де бар. Партияның бүгінге дейінгі жетістіктері мен сайлауалды бағдарламасын әр тұрғынға

жеткізіп, олардың «Nur Otan» партиясына деген сенімін нығайта түскендеріңіз үшін алғыс білдіремін, – деген сайлауалды штабтың жетекшісі, «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шыңғысов Елбасы Алғыс хатын иелеріне тапсырды.

Өз тілшіміз

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Бабалар арманы орындалып, Тәуелсіздіктің ақ таңы атқанына биыл 30 жыл толып отыр. Тәуелсіздік жолында еліміз талай дүрбелең жылдарды бастан өткерді. Ұлт руханиятының іргесі ордасы кітапхана саласында да түбегейлі өзгерістер орын алды.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КІТАПХАНА

Қазақ КСР-і Министрлер кеңесінің 1973 жылғы 23 сәуірдегі №228 қаулысына сәйкес 1 тамыздан бастап, Жезқазған облыстық әмбебап кітапханасы 11 штатпен өз оқырмандарына есігін ашқан болатын. Қазіргі таңда кітапхана штаты 80 адамға өсті, 11 филиалы бар. 1990 жылы кітапхана жалпы көлемі 1436 шаршы метрлік Есенберлин көшесі 9а үйінде орналасқан жана ғимаратқа көшірілді. 1994 жылы Жезқазған облыстық атқару комитетінің қаулысымен қазақтың біртуар ұлы, қоғам қайраткері, дауыпзас ақын Сәкен Сейфуллиннің есімі кітапханаға берілді.

Жезқазған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі – оқырман мен кітап арасындағы алтын көпір рөлін қалтқысыз атқарып келе жатқан 47 жылдан астам тарихы бар руханият ордасы. Өрине, мәдениеттің бір тармағы ретінде ол – халыққа ортақ игілік.

Тәуелсіздік алғаннан бергі жылдары қала кітапханаларының материалдық-техникалық жағдайлары айтарлықтай жақсарып келеді. 2014 жылы С.Сейфуллин атындағы кітапхана ғимараты күрделі жөндеуден өтті. Оған жергілікті бюджеттен 51 млн теңге қаржы бөлінді.

2019 жылы С.Сейфуллин атындағы кітапхана ғимаратының шатыр жабындысына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жергілікті бюджеттен 21 млн теңге қаржы бөлінді. Малшыбай ауылдық әкімдігінде орналасқан кітапхана-филиалы ағымдағы жөндеуден өтті. 2020 жылы Теректі ауыл клубы ғимаратында орналасқан кітапхана-филиалы да күрделі жөндеуден өтті. Қазіргі таңда балалар мен жасөспірімдер кітапханасы өз алдына жеке ғимаратқа көшірілді. «2018-2023 жылдарға ауыл мәдениетін дамыту бағдарламасын» жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары бойынша Талап, Кенгір ауылдық кітапханаларына заманауи жиһаздар, компьютерлер алынды.

Кітап – адам баласының ақыл-ойынан туған рухани байлықты сақтап қалатын, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын құрал. Осы құралды насихаттау барысында кітапхана қызметкерлері ақпараттық технологияларды кеңінен пайдаланып, үлкен жауапкершіліктен сөзбек жасап келеді.

►► 3-бетте

COVID-19-ке ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯ

Вакциналар тиімділігі

Спутник V 92%

QazCovid-in 96%

Вакцинация жүргізер алдында:

- дене температурасы өлшенеді
- эпидемиологиялық анамнез жиналады
- жұтқыншақ тексеріледі
- сатурация, жүрек жиырылуының жиілігі, артериялық қысым өлшенеді
- тыныс алу және жүрек-қан тамыр жүйелеріне ауыспалы жасаалады

Егер температура 37°C-тан жоғары болса, вакцинация кейінге қалдырылады

«Спутник V» вакцинасын енгізуге қарсы көрсеткіштер:

- вакцинаның кез-келген компонентіне жоғары сезімталдық
- ауыр аллергиялық реакциялар
- жүктілік және емізу кезеңі
- 18-ге дейінгі және 65-ден жоғары жас
- вакцинаның алғашқы дозасынан кейінгі аллергиялық реакциялар

Вакцина келесі жағдайларда сақтықпен қолданылуы керек:

- бауыр мен бүйректің созылмалы аурулары
- қант диабеті
- қантүзін жүйенің ауыр аурулары
- эпилепсия, инсульт және орталық жүйке жүйесінің басқа аурулары
- жүрек-қан тамырлары жүйесі аурулары
- біріншілік және екіншілік иммундық тапшылығы
- аутоиммунды аурулар
- өкпе аурулары, астма және созылмалы обструктивті өкпе ауруы
- атопиясы және экземасы бар науқастарда
- қатерлі ісік

Вакцинация туралы жалған ақпарат таратқаны үшін - қылмыстық жауапкершілік (3000 АЕК-тен 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру)

«Ағымдағы эпидемиологиялық жағдай және COVID-19 вакцинациясына дайындық туралы» брифингінен, 27.01.2021

SARYARQA-AҚПАРАТ

Ерлан ҚИЯСОВ: «СПУТНИК V» ВАКЦИНАСЫНАН КЕЙІН ИММУНИТЕТ КЕМІНДЕ 2 ЖЫЛ САҚТАЛАДЫ

«Спутник V» вакцинасынан кейін иммунитет кемінде 2 жыл сақталады. Бұл туралы бүгін ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі – Бас мемлекеттік санитар дәрігер Ерлан Қиясов айтты.

«Күні кеше ғана әлемдегі жетекші медициналық журналдардың бірі Lancet «Спутник V» вакцинасының SARS-CoV-2 коронавирусты жұқтыруға қарсы тиімділігі 91,6 пайызды құрайтындығын жариялады. Бұған қоса, «Спутник V» вакцинасынан кейін иммунитет кемінде 2 жыл сақталатындығы дәлелденген. Сонымен қатар вакцина коронавирустың «британдық» және «оңтүстік африкалық» сынды жаңа штамдарына қарсы тиімді екендігі де маңызды. Мұнан бөлек, вакцинаны әзірлеушілер «Спутник V» вакцинасы COVID-19-дың орта және ауыр өтуінен де қорғайтындығын атап өтеді», – деді вице-министр Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихаты барысында.

1 МЛН-НАН АСТАМ АДАМНЫҢ ӨСІМПҰЛЫ КЕШІРІЛДІ

Қазақстанда азаматтардың өсіміұлдарын есептен шығару бойынша салық рақымшылығының қорытындысы шығарылды. Осы орайда 1 млн-нан астам адамның 2 млрд теңге қарызы кешірілді. Бұл туралы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінен мәлім болды.

«Мемлекеттік кірістер комитеті 2020 жылғы 31 желтоқсанда жеке тұлғаларға мүлік салығы, жер салығы және көлік құралдары салығы бойынша салық рақымшылығы аяқталғанын хабарлайды. Жеке тұлғалар үшін өсіміұлды есептен шығару бойынша салықтық рақымшылық Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 2 шілдедегі заңына сәйкес жүргізілді. Есептен шығарудың басты шарты салық бойынша негізгі қарыз сомасын төлеу болды.

Өсіміұлды есептен шығару үшін ешқандай барудың қажеті жоқ еді. Қарыздың негізгі сомасын төлеу жеткілікті болды және өсіміұл автоматты түрде есептен шығарылды», – делінген комитет мәліметінде.

Мәселен, 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 21 697 164 206 теңге негізгі қарызы және 4 254 324 271 теңге мөлшерінде өсіміұл сомасы бар 1 513 879 азаматтың салық рақымшылығына қатысуға құқығы бар болатын.

Жыл қорытындысы бойынша өсіміұлды есептен шығару шарасын 1 057 764 азамат (70%) пайдаланды, олар бойынша 14 849 385 721 теңге (68%) мөлшерінде негізгі борыш сомасы төленді және 2 050 503 348 теңге (48%) сомасында өсіміұл есептен шығарылды.

Мемлекеттік кірістер комитеті өсіміұлдарды есептен шығару бойынша акция қорытындысына сәйкес 1 млн-нан астам азаматтың 2 млрд теңге қарызын есептен шығарды.

Ведомство мәліметінше, 2020 жылғы салық рақымшылығын пайдаланғандардың саны бойынша нәтижелер 2019 жылғы өткен салық рақымшылығының нәтижелерінен асып түскен (2020 жылғы 1,1 млн азамат, 2019 жылғы 755,7 мың азамат немесе 300,0 мың адамға көп).

КӘСІПТЕР АТЛАСЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ЕНГІЗІЛУДЕ

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен ҚР Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасындағы жаңа кәсіптер мен қызметтердің атласын еліміздің жоғары оқу орындарымен әрі колледждерімен белсенді интеграциялауды жоспарлауда. Қазіргі уақытта тау-кен металлургия, мұнай-газ және IT салалары үшін білім беру бағдарламалары әзірленіп отыр.



«Қазақстандық еңбек нарығы үшін әзірленген жаңа кәсіптер мен қызметтердің атласы экономиканың 9 негізгі саласын қамтиды және жаңа, трансформацияланатын, сондай-ақ жойылып бара жатқан кәсіптер мен қызметтерді біріктіреді. Атлас – бұл экономика салаларын дамытудың әлемдік трендтерін ескере отырып, халықаралық тәжірибеге негізделген және форсайт-зерттеу аясында өндіріс, мемлекеттік органдар, салалық қауымдастықтар және басқа да өкілдері атынан салалық сарапшылардың қатысуымен жүргізілген зерттеулердің қорытындысы», – делінген Еңбек министрлігі мәліметінде.

Негізгі салалар үшін жүргізілген жұмыстардың арқасында (мұнай-газ саласы, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика, машина жасау, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, энергетика, туризм, құрылыс, тау-кен металлургия саласы) таудағы 5-10 жылға кәсіптердегі өзгерістер болжанып, сондай-ақ 239 жаңа, 95 трансформацияланатын және 129 жойылып бара жатқан кәсіп айқындалды.

Отандық еңбек нарығының трендтері мен перспективаларынан қалып қалмау үшін Еңбекмині мен БҒМ атласы Қазақстанның жоғары оқу орындарымен және колледждерімен интеграциялау бойынша белсенді жұмыс жүргізіп жатыр.

«2021 жылғы 21 қаңтарда БҒМ-нің Атлас нәтижелерін ескере отырып өзектендірілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің жіктеуішіні бекіту туралы» бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығы қабылданды. Мәселен, Хромтау тау-кен техникалық жоғары колледжі Атлас негізінде «Пилотсыз авиациялық жүйелерді техникалық пайдалану жөніндегі техник-механик» жаңа біліктілігі бойынша эксперименттік білім беру бағдарламасын әзірлеуде», – деп аталып өткен министрлік хабарламасында.

«Astana polytechnic college» жоғары колледжі «Киберкауіпсіздік» бағыты бойынша бағдарлама әзірлеп жатыр. «Семей» колледжі «Оператор VR AR MR» бағыты бойынша даярлап отыр.

Атырау Мұнай және газ университеті келесі бағыттар бойынша студенттерді оқытуға дайындалуда: «Мұнай-газ саласының жаңа жағдайларындағы басқару»; «Ақылды кен орны, үлкен деректер және жасанды интеллект»; «Мұнай-газ саласындағы жаңа материалдар технологиялары»; «Мұнай-газ саласындағы техниканы қашықтан басқару»; «Техникалық қызмет көрсету мен жөндеудегі болашақ технологиялары».

Бұдан басқа, Атырау Мұнай және газ университеті Қазақстан-Британ техникалық университетімен бірлесіп, биыл «Жабдықтың сенімділігі және болашағы аналитикасы жөніндегі инженер» және «Пилотсыз ұшу аппараттарының операторы» деген 2 мамандықты сынақтан өткізетін болады. Жаңа білім беру бағдарламалары еңбек нарығының нақты сұраныстарына жауап ретінде кадрларды даярлау жүйесін өзгерте алады және қысқа мерзімде сапалы кәсіби кадрларды даярлауға мүмкіндік береді. Электрондық еңбек биржасы (enbek.kz) порталында Жаңа кәсіптер мен қызметтердің атласымен танысуға болады.

ҚАРҚЫНДЫ ЖҰМЫС, ҚОМАҚТЫ ЖОСПАР



(Соңы. Басы 1-бетте).

Біздің жоспарларымыз барлық салаларда нақты шараларды жүзеге асыруға, әрбір адамның өмірінің жақсарғанын сезінуіне бағытталған. Ол жоспарлардың біршамасы биыл «Жезқазғанның 70 жылдығына – 70 игі ісі» жобасы аясында бастау алмақ, – деп сөзін бастаған Қайрат Бектайұлы Жезқазғанда қолға алынатын әрбір жобадан тұрғындардың ұсыныс-пікірлері ескерілетініне сендірді.

Жалпы, жыл қорытындысы бойынша қала экономикасының барлық бағыттарында осы қарқын байқалған. Атап айтқанда, өнеркәсіп 16% - ға, инвестиция тарту 20%-ға , ауыл шаруашылығы 13%-ға, құрылыс 16%-ға, сауда 25% - ға артқан. Жұмыссыздық деңгейі 0,1 пайызға төмендеп, 4,7% - ды құрсап, орташа айлық 187 086 теңгеден 219 737 теңгеге өсті. Қаланың 2020 жылғы бюджеті 106,9% - ға орындалды, оның ішінде кіріс бөлігі 1,9 млрд.теңгеден асып 27,6 млрд. игерілді. 2021 жылдың бюджеті 22,4 млрд. теңге сомасында бекітіліп, қаланың әлеуметтік және экономикалық саясатын іске асырудың негізгі бағыттары айқындалды. Индустриялық-инновациялық даму картасы аясында іске қосылған 9 инвестициялық жобаның нәтижесінде 652 жұмыс орны ашылған.

450 млн теңге көлеміндегі инвестиция тарту арқылы салынып жатқан құрылыс материалдары зауыты тағы 30 жұмыс орнын құрады деп көзделуде. Биыл жалпы инвестиция көлемі 18,1 млрд. теңгеге 3 инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланған. 350-ден

қала басшысы Қайрат ӘБСАТТАРОВ халық алдында есеп берді

астам жаңа жұмыс орны ашатын жобалардың қатарында концентраттарды гидрометаллургиялық өңдеу тәжірибелік зауыттың, өнеркәсіптік реагент өндірісіне негізделген химиялық зауыт пен биоэлектростанцияның құрылысы бар. Жалпы 2021 жылы 39,1 млрд. теңге инвестиция салынады деп күтіледі.

Әр салаға жеке-жеке тоқталып, өткен жылы жеткен жетістіктерді тізбектеген әкімнің қала экономикасын одан әрі дамытуға бағытталған ауқымды жоспарлары көптің көңілінен шықты. Мысалы, енді бізде ауыл шаруашылығында мал басын көбейтіп қана қоймай, оның өнімін өңдеу қолға алынады. Сонымен бірге, өсімдік шаруашылығына да баса назар аударыла мақ. Нақтырақ айтқанда, жылыжай салынып, егістік алқаптарының аумағын 200 га дейін ұлғайтылмақ. Шаруашылықтың өркен жаюы үшін Жезді су қоймасы Талап суару жүйесінің магистралды каналымен қоса қайта жаңартыла мақ. Шағын және орта бизнесті қолдау шараларынан кенде емес жезқазғандық кәсіпкерлер алдағы күндері де мемлекеттік «Бизнестің жол картасы», «Қарапайым заттар экономикасы», «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлігін дамытуға мүмкіндік алмақ. Жұмыссыз тұрғындардың қатарын сирету мақсатында да ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Соның нәтижесінде қаладағы аз қамтамасыз етілген отбасылардың саны 371-ге кеміген. Жезқазғандықтардың өмір сүру сапасын арттыру, сапалы білім мен медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету, мәдениет пен өнерді дамыту бағытында атқарылған шаруаларға да кенінен тоқталған Қайрат Әбсаттаров

коммуналдық саланы жаңғырту, оның ішінде қала көшелері мен аулаларын абаттандыру, жол жөндеу мен тозығы жеткен ауыз су, жылу мен кәріз желілерін жаңарту, ауыз судың сапасын арттыру мен газдандыру, жарықтандыру, апатты үйлердің тұрғындарын көшіру, экологиялық ахуалды жақсартып, жасыл желектерді көбейту мәселелерін шешу күнтізбесінен түспейтін жеткізді.

Қала басшысына байланысқа шыққан тұрғындар сан алуан сұрақ қойып, ұсыныс білдіріп жатты. «Инстаграм» әлеуметтік желісінде қойылған сауалдарға тиісті мекеме мен кәсіпорын басшылары жауап берді. Уақыттың тығыздығына байланысты «Whatsapp» мессенжеріне келіп түскен сұрақтардың түгеліне дерлік жауап беру мүмкін болмады. Дегенмен, әр тұрғынның өтініші мен тілегі жерде қалмайтынына сендірді. Оларға жеке жауап беріледі екен. Тікелей эфирге қонырау шалған тұрғындардың алғашқысын Жезқазғанның туристік әлеуетін арттыру жоспары қызықтырды.

Туристік кластерді дамыту бойынша өңірдің киелі және тарихи жерлері бойынша туристік маршруттар әзірленді, оларға Жошы хан мен Алаша хан, Домбауыл, Теректі әулие кесенелері және басқалары кірді. Негізгі туристік маршрут картасына Ұлытаудың тарихи-мәдени мұрасына бару мүмкіндігі бар 8 тарихи ескерткішті енгізу көзделуде. Жылына 3 мың турист келеді деп жоспарлануда, – деп жауап берген қала басшысына Мадина Алдажанова деген тұрғын Бекболатсай елді-мекенінің жағдайына алаңдаулы екенін жеткізді. Аталған ауданда жол, су, жарық пен кәріз, жылу жүйесінде бірқатар мәсе-

лелер бар. Оларды шешу әрине уақыт пен қаржыны талап етеді. Дегенмен, сең қозғала бастағандай. Жезқазғанды газдандырудың жоспарына сәйкес Бекболатсай елді-мекені ІІ кезекте тұр. Болман көшесін асфальттеу де биылға межеленген. Қаланың 91-92-орамдары мен шағын аудандарда ауыстырылады деп жоспарланған 1946 шамның ішіне Бекболатсай елді-мекені де кірген. Жылы жеткіліксіздігі мәселесі де өз шешімін табатын күн алыс емес. 2021 жылы ІІ жылу магистралінің құбырлары жаңартылады.

Жезқазғанда Ұлы Абай ескерткішінің жоғы да айтылды. Осы ретте, әкім «Наурыз» саябағында «Руханият» аллеясы ашылатынын, онда бас ақынның еңселі ескерткіші орнатылатынын жеткізді. Бүгінде конкурстық рәсімдер басталып та кетіпті.

Әкім есебі барысында құрылысы тұралап қалған Гагарин көшесіндегі балабақша мен көп қабатты тұрғын үйдің құрылысы қайта жанданатынын, 60 үй ауласы заманауи талаптарға сай абаттандырылып, онда балалар ойын алаңы мен дала тренажерлері орнатылатынын, болашақта 4 балабақша бой көтеріп, ескі үйлердің орнына жаңа тұрғын үй салыныатынын хабардар болған тұрғындар Қайрат Әбсаттаровтың жұмысына оң бағасын беріп, алғыс білдіріп жатты.

Есебін Алаш қайраткері Ә.Бөкейханның «Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі, көш басын да алып жүре алмайды» деген сөзбен түйіндеген қала әкімі туған жердің әр тасы ыстық екенін тілге тиек етіп, Жезқазғанның жарқын келешегі жолында бірлесіп аянбай еңбек етуге шақырды.

ДИАНА ОРАЗАЛЫН

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – МАҢЫЗДЫ

Дуниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегіне сүйенсек Қазақстанда 5 пен 14 жас аралығындағы балалардың жол-көлік оқиғасына ұшырауы жиі кездеседі екен. Бұны жоққа шығара алмайсыз. Өйткені, автобус астында қалған, жаяу жүргіншілер жолында қағылған балалар туралы хабарды күнбе-күн естиміз. Сондықтан, балалардың жолдағы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған акциялар өткізу бұғінде дәстүрге айналған. Мысалы, жақында №13 орта мектепте республикалық «Қауіпсіз мектеп автобусы» онкүндігі аясында бірқатар шаралар ұйымдастырылды.



Аталған білім ордасының да тандаулы бекер емес. №13 мектепке қаладан 7 шақырымдық жерде орналасқан Геология елді-мекенінен қатынап оқитын оқушылар бар. Жезқазған қалалық білім бөлімінің тапсырысы аясында балалар тасымалын «Адал Еңбек» ЖШС жүзеге асырады. Қазіргі таңда Геологиядан кезекші сыныптарға барлығы 48 оқушы жеткізіледі. Мердігер балалардың мектеп пен үй арасында қауіпсіз әрі жайлы тасымалдануын қамтамасыз етуде. Карантин талаптарының да қатаң орындалатынын айта кеткен жөн. Автокөліктердің техникалық байқаудан, жүргізушілердің медициналық тексерістен өтуі де назардан тыс қалмаған. Сақтандыру полистері де бар. Одан бөлек, балалардың қауіпсіз тасымалын қамтамасыз ету үшін жауапты мұғалімдер де бекітілген. Мектепке кірме жолдардың аумағы жарықтанды-

рылып, жаяу жүргіншілерге арналған өткел мен жасанды жол кедергілері, «Назар аударыңыз, балалар» белгісі орнатылған. «Қауіпсіз мектеп автобусы» онкүндігі шеңберінде 1-8-сынып оқушыларының қатысуымен «Жол ережесін сақтайық!», «Жол тәртібін білейік, аман есен жүрейік» тақырыбында дөңгелек үстел, «Көлік құралдарының қозғалысы» атты қауіпсіздік сабағы мен «Қоғамдық көлікте, жолда, көшедегі қауіпсіздік ережелері» сынып сағаттары өткізілді. «Жарқын бол!» тақырыбындағы сынып сағаттары мен «Абайлаңыз, балақай!» әңгіме сағаттарына белсенді қатысқан бастауыш сынып оқушылары үшін «Жол қозғалысы ережелері» туралы бейнефильм көрсетілді. Осылайша, оқушылар жолда жүру тәртібі мен ережелерін жіті меңгеріп, өз өмірін оқыс оқиғалардан қорғауға дағдыланды.

БОТА ШАЛҚАР

Жарақат алудың жоғарғы көрсеткішінің үлесі қыс мезгіліне келеді. Олардың туындауына әкелетін негізгі табиғи факторлар – қалың қардың түсуі, көктайғақ. Жолдарда оқыс оқиғалардан туындаған әр түрлі дене жарақаттарын алмас үшін жаяу жүргіншілер мен автокөлік жүргізушілерге қауіпсіздік техникасының негізгі қағидаларын еске салған артық болмас. Сонымен, қар мен көктайғақ кезінде өзін қалай ұстау қажет.

САҚ БОЛЫҢЫЗ, КӨКТАЙҒАҚ!

Көктайғақ кезіндегі жүргізушілерге арналған ұсынымдар:
– шығу алдында өз автокөлігіңізді жарамдылығын мұқият тексеру керек. Қыста жазғы резеңкеде жүру қауіпті екенін есте сақтаңыз.
– жаяу жүргіншілер өткелдері мен балалар мекемелері орналасқан жерлерге жақындағанда жүргізушіге жылдамдықты минимумға дейін төмендету керек.
– жүргізушілер басқа көлік құралдарының арасындағы қауіпсіз қашықтықты сақтауы керек.
– қауіпсіз қозғалыс жылдамдығын есте сақтаңыз (жылдамдық режимін сақтау қажет).
– көпірлер мен эстакадалардың бойымен аса сақтықпен қозғалу керек.
– тайғақ жолдағы авариялық жағдайларды болдырмау және өзіңізді және басқа да қозғалыс қатысушыларың жаракаттан сақтау үшін жолдағы қауіпті маневрлерді жасамауға тырысыңыз.

– қолыңыз ауа райында алыс қашықтыққа саяхаттардан және көшулерден бас тартқан абзал.
Көктайғақ кезіндегі жаяу жүргіншілерге арналған ұсынымдар:
– жаяу жүргіншілер тротуарларға аса сақтықпен қозғалу, тайғақ мұздың үстінен жүрмеу, аяқтың астына қарау ұсынылады;
– жолды, тек белгіленген жерлерде – әртүрлі үлгідегі арнайы жаяу жүргіншілер өткелдері арқылы өту (дегенмен, бұл қағида кез келген ауа райына қатысты);
– барынша сақ болу қажет, жол өткен кезде алдымен солға, содан кейін оңға қараңыз;
– жүгіруге болмайды, өйткені сіз сырғып, құлап кете аласыз. Жолды тек бағдаршамның жасыл жарығына өту керек;
– жаяу жүргенде аяқты босаңсытып, тізеге сәл бүгіп, табанға нық басу керек;

– жер үсті өтпесі арқылы жол өткен кезде құлаққаптар мен капшондарды жан-жағынан қору және қауіп туралы уақытында ескертуі мүмкін көше дыбыстарын есту үшін шешу керек;
– жаяу жүргіншілер қолдарын қалтада ұстамау қажет, өйткені бұл тепе-теңдікті ұстап тұру мүмкіндігін нашарлатады, соның салдарынан құлап қалу мүмкіндігі көп, сонымен қатар мұндай қалыпта құлау кезінде ауыр жарақат алу қауіпін арттырады. Тепе-теңдікті ұстап тұру оңай болу үшін, қолдың сермелу ырағымен жүру қажет;
– кәріз люктерінің металл қақпақтарын айналып өту қажет, өйткені олар суықта мұзбен жабылады;
– тротуарда да сақ болыңыз, өйткені көктайғақ кезінде автокөліктің мобил жолдан және жаяу жүргіншілер аумағына ежелінуді мүмкін;
– тепе-теңдік бұзылғанда тез отыруға тырысу керек, бұл әдіс аяқты ұстап тұру мүмкіндігін арттырады;
– құлаған кезде қысылып, булшық еттерді ширектіру керек, ал жерге құлаған соң міндетті түрде домалап тұсу керек: сізге бағытталған соққының энергиясы домалауға жұмсалады;
– негізінен көктайғақта адамдар білек пен қолдың жарақаттарын алады. Құлау кезінде топтап, жұмсақ құлауға тырысу өте маңызды. Қандай да бір қоршаулар, бордюрлер, шығыңқы жерлерге құлауға болмайды. Тік – озылңқы қолдар немесе арқаға құлауға болмайды (арқаны ғана емес, басын да зақымдауға болады);
– баланың сынығын тек рентген ғана анықтай алады! Сондықтан жарақат алынған күдік пайда болған кезде, шұғыл түрде медициналық мекемеге көмек көрсетуі үшін жүгіну қажет.

Жезқазған қаласы төтенше жағдайлар басқармасы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДА – АУҚЫМДЫ РЕФОРМА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында 2019 жылғы 2 қыркүйекте мемлекеттік қызметшілер мен ұлттық компаниялар қызметкерлерінің санын оңтайландыруды тапсырды.

«2020 жылдан бастап біз мемлекеттік қызметшілер санын біртіндеп қысқартуға кірісіп, үнемделген қаражатты неғұрлым пайдалы қызметкерлерді ынталандыруға жұмсаймыз. 2024 жылға қарай мемлекеттік қызметшілер мен ұлттық компаниялар қызметкерлерінің санын 25% -ға қысқарту керек. Өңгіме жинақы, мобилді және тиімділігі жоғары мемлекеттік аппарат құру туралы болып отыр. Бұл бағытта белсенді қозғалу маңызды, ал үнемделген қаражатты басқа салаларда төлеуге болады» деген Президент 2020 жылғы қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауында мемлекеттік аппарат пен квазимемлекеттік сектор қызметкерлерін қысқарту мерзімдерін жеделдетуді тапсырды. Жолдауда «Биыл оларды 10 пайызға, ал келесі жылы тағы 15 пайызға қысқарту керек. Осылайша, шену-үніктерді 25 пайызға қысқарту міндетін біз 2021 жылдың өзінде-ақ шешетін боламыз. Нәтижеге байланысты және цифрландыруды ескере отырып, одан әрі қысқарту туралы шешім қабылдаймыз. Үнемделген қаражат есебінен қалған қызметкерлердің жалақысы арттырылады» делінген.

2020 жылы ветеринария саласындағы функциялардың қаланың жергілікті атқарушы органдарының жүргізуінен облыстық деңгейге өтуіне байланысты ветеринария бөлімі жергілікті мемлекеттік басқару құрылымынан шығарылды. 2021 жылдың қаңтар айында білім бөлімі функцияларының барлық мектептер мен балабақшалармен бірге облыстық білім басқармасына өтуі нәтижесінде қала бюджетінен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиті азайды. Мемлекеттік қызметшілерді қысқарту ағымдағы жылы одан әрі жалғасады.

2018 жылы «5 институттық реформаны жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам» – Ұлт жоспарының 5-ші және 6-шы қадамдарын жүзеге асыру шеңберінде Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінде, Әділет министрлігінде және Нұр-Сұлтан мен Маңғыстау облысының әкімдіктерінде пилоттық режимде мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі енгізілді. Ол ай сайынғы жалақыны есептеуге қатысты да, сондай-ақ бонустарға да қатысты да өзгерістерді көздейді. Жалпы жаңа жүйенің енгізілуі маңызы бірдей жұмысты орындағаны үшін тең ақы төлеу, сондай-ақ «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында көзделгендей, нәтижелері бойынша еңбекақы төлеу қағидатын жүзеге асыруды іс жүзінде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Болашақта табысты пилоттық сынақ басқа да мемлекеттік органдарға таралатын болады. 2020 жылдан бастап бұл жоба пилоттық режимге Қарағанды облысында енгізілді.

2021 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстанда факторлық-балдық шкала енгізіледі. Бұл туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында мәлімдеді. «2021 жылғы 1 шілдеден бастап факторлық-балдық шкала енгізу қажет. Бұл мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігі мен уәдесін күшейтуге әкеледі».

Мемлекеттік қызметшілердің өз қызметтік міндеттерін сапалы орындауына қол жеткізудің маңызды факторы материалдық ынталандыру болып табылады. Бұл мемлекеттік қызметшілердің қызмет тиімділігіне оң әсерін тигізеді, сондай-ақ, мемлекеттік қызметке қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

Сонымен бірге, мемлекеттік қызметшілердің қызмет тиімділігін арттыру үшін қызметшілерді уақтылы әрі сапалы оқыту керек.

Бүгінде реформалар нәтижесінде Қазақстанда тиімді мемлекеттік басқару жүйесін құру бойынша ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр деп нық айтуға болады. Бұл жүйеде әрекет етуші басты тұлға мемлекеттік қызметші болып табылады, оның қасиетті міндеті – өз халқына қызмет ету, өз елінің заңдарын құрметтеу және анттына адал болу. Қазір мемлекеттік қызметші жай ғана мемлекеттік жүйенің бір бөлігі емес, оның жасаушысы болуы тиіс. Елбасы атап көрсеткендей, алда келе жатқан цифрлы дәуірдің шындығы креативті шешімдерді және оларды тиімді жүзеге асыруға қабілетті басшыларды талап етеді. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметші нағыз мемлекетші болуға талпынып, туған жері мен елінің пайдасына үлес қосуға асыққан патриот болуы шарт.

Жұпар ЖҰМАБЕКОВА,
«Жезқазған қаласы әкімінің аппараты» ММ персоналды басқару қызметінің басшысы



Ақпанның алғашқы күнінде жезқазғандық 21 көпбалалы отбасы қуанышқа кенелді. Мемлекеттік «Нұрлы жер» тұрғын үй бағдарламасы аясында бұл отбасыларға М.Жәлел, Анарқұлов, Есенберлин, Байқоңыров, Деев, Сарыарқа, Сейфуллин, Момышұлы көшелері мен Алашахан даңғылы бойындағы үйлерден пәтерлер берілді. Аталған бағдарлама бойынша 21 пәтер республикалық және жергілікті бюджеттен бөлінген 182 млн 917 мың теңгеге сатып алынған. Көпбалалы отбасыларға арендалық баспана ретінде ұсынылған пәтерлерді жалға алу құны – айына 12000-15000 теңге аралығында.

БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ



Қуаныш иелеріне пәтер кілттерін табыстаған Жезқазған қаласы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жол-аушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Ержан Есетов алдағы уақытта да жалға беру тәртібінде кезекте тұрғандарға пәтер беру жағасын табатынын жеткізді.

2004 жылдан бері үй кезегінде тұрып, өз үйіне енді ғана қолы жеткен жандардың бірі – Болат Дәулетбаев.

– Мен әскерден кейін бауырларыма ілесіп, Жезқазғанға келген болатынмын. Өзімнің туған жерім – Петропавл. Міне содан бері мысты шаһардың тұрақты тұрғынына айналдым. Осы жерде отбасы құрдым, бала-шағалы болдым. Бүгінде 6 проценттің әкесімін. Үлкенім – он жетіде. Кенжеме бүгін

екі ай толып отыр. Ол Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күні дүниесі есігін ашты. Бүгінгі қуанышымызда шек жоқ. Осындай тиімді мүмкіндік ұсынып отырған жергілікті басшылыққа алғысымды білдіремін, – дейді ол.

Отасасымен 6 бала тәрбиелеп отырған батыр ана Ольга Сергееваның үй кезегінде тұрғанына 2 жыл болыпты. Бүгінге дейін 5-шағын ауданында ата-аналарының үйінде тұрып келген ол, Момышұлы көшесі бойынан үй беріліп, мемлекет тарапынан балаларының алаңсыз білім алуына оңтайлы жағдай жасалып жатқанына айрықша ілтипатын білдірді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КІТАПХАНА



(Соңы. Басы 1-бетте).

Ұлы Даланың мың жылдық тарихынан сыр шертетін кітаптар жарық көріп, оқырмандарға насихатталуда. Ақын, журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Батырбек Мырзабековтың «Аманат» кітабы «ашық қор» негізінде насихатталып, облыс көлеміндегі кітапханаларға таратылуда. Жамбыл Омаридің «Кетбұқа – жырау, аталық, қолбасшы» кітабының желісімен «Азат рухтың жыршысы – Кетбұқа» атты рухани – танымдық бейнебаяны «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің қолдауымен әзірленіп, әлеуметтік желілерде насихатталды.

Кітапхананың веб сайты: zhezbiblioteka.kz жұмыс жасайды. Өлкетану бөліміндегі өлке газеттері («Сарыарқа», «Жезқазғанский вестник») тарауының апта сайын электрондық нұсқасы салынып отырады және кітапхана веб сайты арқылы пайдаланушыларға ұсынылады. 2011 жылдан бастап кітаптарды сандық жүйеге көшіру жұмысы қолға алынды. Өлке авторларымен келісім-шарт жүргізіліп, 50 кітап цифрланым Н.В. Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының электрондық қорына байланды.

Кітапхана сайты zhezbiblioteka.kz беттерінен «Ұлы даланың жеті қыры», Жастар жылына байланысты ашылған, Жезқазған 65 жылдығына арналған, «Сәректіден шыққан тектілер» атты жоба, «Төкен тарих төрінде» С.Сейфуллиннің 125 жылдығына, Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына байланысты ашылған банерлер мұрағатқа салынды. Сайттың басты беттеріне «Степлаг тарихына» атты шағын блок, Алтын Орданың құрылуына 750 жыл, Ұлы Женістің 75 жылдығына, Әл-Фарабидің 1150 жылдығы, волонтерлер жылына байланысты т.б банерлер ашылды.

Ұлт тарихында маңызды оқиғалардың бірі – Желтоқсан оқиғасы. Желтоқсан – біздің ұлттың тарихы. Биыл Желтоқсан оқиғасына 35 жыл толады. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласындағы «Желтоқсан қаһармандарының азаттық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихатталуы керек» деген сөзін мақсатқа алып «Жезқазған. Тәуелсіздік» деген тақырыппен Тәуелсіздік мерекесі аясында қалалық көрме әзірленді. Көрмеде барлық материалдарды қамту мүмкіндігі жоқ әрине... Алдағы уақытта Желтоқсан оқиғасына қатысқан жезқазғандықтар туралы материалдарды жинақтап, кітапханалар сайттарында насихаттап, кітапханалық кездесулер өткізу жоспарлануда.

Қазақ халқы өз елінің шапшаң дамып келе жатқанын ана тілінді даму деңгейінен көргісі келетіні аніктел. Елбасы мемлекеттік тілдің өткені мен бүгінгісін ескере отырып, тілдің даму стратегиясының іргетасын қалап берді. Қазақстанның тілдік саясаты – мемлекеттік тілді көптілді Қазақстанның ортақ тіліне айналдыру.

Президент «Отбасында ана тілінде сөйлеп өскен бүлдіршіннің тілге деген ықыласы терең, құрметі биік болады», – дей келіп, осы тұрғыда, балабақшаларда, мектептерде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруді назарда ұстау қажеттігін атап көрсетті.

Тағы бір жаңалығымыз – кітапхана қызметкерлерінің дауыстап оқуындағы қазақ тіліндегі онлайн кітаптарды да жұртшылық жылы қабылдады. Балалар мен жасөспірімдер кітапханасының ұйымдастыруымен өтіп жатқан «Ертегі терапиясы» жобасы мектепке дейінгі мекемелер тарапынан үлкен қолдауға ие болды. Осы тұрғыда, мемлекеттік тілде жарық көрген кітаптар ұдайы насихатталуда. Қазақстанда «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы 2007 жылдан бері Ұлттық академиялық кітапханасы мен кітапханашылар қауымдастығының бастамасымен және Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен өткізіліп келеді. Акция қазақ әдебиетін танымал ету, тарихи, мәдени және

рухани мұраны сақтау, жас ұрпаққа дұрыс адамгершілік-патриоттық тәрбие беру мақсатында өтуде. 2021 жылдың жыл кітаптарын таңдау бойынша «Бір ел – бір кітап» акциясы комиссиясының кезекті отырысының қорытындысы бойынша ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, жалпыхалықтық оқуға «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітап» рухани-мәдени акциясы ұсынылды. Осы орайда, 2021 жылғы акцияға енгізілген кітаптар тізіміне арқалы ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Серік Ақсұңқарұлының «Көкейімде Күлтегінің жазуы» атты кітабының кіргізілгені облыс, аймақ үшін жағымды жаңалық болды.

Тәуелсіздік жылдарындағы кітапханалардың дамуы басқаша сипат алып, цифрлау дәуіріне нық қадам басты. Жер жүзін жайлаған пандемия бізге парасатты болуды, әр нәрсенің паркын білуді үйретті. Қарағанды облысының кітапханалары қазіргі жағдайда бірігіп жұмыс істеуді қолға алды. Түрлі іс-шаралар, семинарлар, конференциялар онлайн өтуде. Кітапханалар республика көлемінде де бірігіп жұмыс атқаруда. Оған дәлел біздің облыс, республика көлемінде бірге атқарған жұмыстарымыз. Жезқазған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі «Киелі Кенгір» жобасы аясында «Степлаг – далалы аймақтағы лагерь» атты баяндама, «Ақ бұлақ» бағдарламасы аясында Кенгір су қоймасының 80 жылдығына арналған іс-шараны республика көлемінде насихаттады.

Өздеріңізге белгілі, тарихтың көне беттерін парактайтын болсақ, адамзат баласына залалын тигізген зұлмат зауалдар туралы көптеген кітаптар жазылды. Шын мәнісінде, кітап-жан шыршының күнтізбесі, өткенге үңілетін уақыт машинасы. Кітапхана – кешегі мен бүгінгінің тоғысатын қасиетті нүктесі. Біз қай кезде де оқу мәдениетінен айналып өте алмаймыз. Өйткені оқу өркеніне жетелейді. Ал, біз кітапханашылар Тәуелсіздік таңымен оянып, көк туымызды тіктеп, ата-бабамыздан қалған асыл істерді әрі қарай жалғастырып, өз мәдениетімізді, өнерімізді, дәстүрімізді, қасиетті тілімізді дамытуға еңбек ете береміз!

Ғалия ТҮГЕЛБАЕВА,
Жезқазған қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің басшысы

1991 жылы еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін бірден аяққа тұрып кетпегенімізді бәріміз білеміз. Әлемге беймәлім елдің болашағы бұлыңғырлау көрінді. Экономикамыз әлсіз, қолда бар өндіріс пен зауыттар әбден ескірген. Мұғалімдер мен дәрігерлерге жалақы, зейнеткерлерге зейнетақы бірнеше ай берілмейтін. Бірақ, біз осы қиындықтарды бірлік пен ынтымақтықтың арқасында артта қалдырдық. Елімізді әлем аренасында мойындаттық. Әлеуметтік-экономикалық ахуалы тұрақты, бәсекеге қабілетті Тәуелсіз Қазақстанда жан-жақты білім алуына жағдай жасалған тәуелсіз ұрпақ өсіп келеді. Мұның өзі – үлкен жеңіс!

МҰҒАЛІМ МӘРТЕБЕСІ – БИІК

